

Ленин жұл

К(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 82 (7042) | Жұма 27 апрел 1945 жыл | Шығуына 27-жыл
Және саны 20 тыйы

Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы

3-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы **ВАСИЛЕВСКИЙГЕ**
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник **ПОКРОВСКИЙГЕ**

3-БЕЛОРУС майданының әскерлері бүгін 25 апрелде, немістердің Балтық өңіріндегі ірі порты мен соғыс-теңіз базасы және ЗЕМЛАНД түбегіндегі қорғанын ақырғы тіректі бекінісі—ПИЛЛАУ қаласы мен қамалын алды.

ПИЛЛАУ қаласы мен қамалын алу ұрыстарында генерал-полковник ГАЛИЦКИЙДІ, генерал-майор ЛЕДНЕВТИ, генерал-майор ГУРЬЕВТИ, генерал-майор СЕМЕНОВТИ, генерал-лейтенант КОШЕВОЙДИ, генерал-лейтенант ЗАВАДСКИЙДИ, генерал-майор ТОЛСТИКОВТИ, генерал-майор ПЕТЕРСТИ, генерал-майор ДЫГАНОВТИ, генерал-майор ПРОНИНТИ, генерал-майор КАРИЖСКИЙДИ, генерал-майор ЧЕРНОВТИ, генерал-майор БУРМАКОВТИ, генерал-майор ЩЕРБИНИ, генерал-майор МАСЛОВТИ әскерлері; артиллерия генерал-лейтенанты СЕМЕНОВТИ, полковник КУЗНЕЦОВТИ, полковник СТРУЕВТИ, полковник СЕРДЮБОВСКИЙДИ, полковник МИРОНОВТИ артиллерияшылары; полковник ЛЕСОВОЙДИ, полковник КОЗИКТИ, подполковник КИСЕЛЕВТИ, подполковник РОЖКОВТИ, подполковник КАЙДАШТИ, подполковник КАРТАШЕВТИ, подполковник ЕМЕЛЬЯНОВТИ танкішілері; авиация генерал-полковнигі ХРЮКИНИ, авиация генерал-полковнигі ПАПИВИНИ, авиация генерал-полковнигі САМОХИНИ, авиация генерал-лейтенанты БЕЛОВТИ, авиация генерал-лейтенанты ДАХЛЕВТИ, авиация генерал-майоры СМЕРНОВТИ, авиация генерал-лейтенанты УШАКОВТИ, авиация генерал-майоры ИВАНОВТИ, авиация генерал-майоры ПРУТКОВТИ, авиация генерал-майоры ХАТМИНСКИЙДИ, авиация генерал-майоры ШЕВЧЕНКОТИ, авиация генерал-майоры ЧУЧЕВТИ, авиация генерал-майоры НЕЧИПОРЕНКОТИ, авиация генерал-майоры ЗАХАРОВТИ, авиация генерал-майоры МОЛКОВТИ, авиация генерал-майоры САНДАЛОВТИ, авиация генерал-майоры КОТЛЯРДИ, авиация генерал-майоры АНДРЕЕВТИ, авиация генерал-майоры АЛЕКСАНДРОВТИ, полковник ШИНКАРЕНКОТИ, полковник ФОКИНИ, полковник КУРБАТОВТИ, полковник КУЧМАНИ, полковник МАНЖОСОВТИ, полковник КУРОЧКИНИ, подполковник СЛЕПЕНКОВТИ, подполковник ЗАКЛЕПАНИ, подполковник САЖЕНОВТИ, майор ДЕЛЬФИНОНИ ұшқыштары; вице-адмирал ВИНОВАДОВТИ, I-ранг капитан КУРНИКОВТИ, II-ранг капитан КРОХИНИ теңізшілері; полковник ГРИГОРЕНКОТИ, полковник СОКОЛОВТИ, подполковник КАЛЬНИЦКИЙДИ, майор СТЕПУКТИ, майор БРАДУЛИНИ, капитан ИВАНОВТИ саперлері; полковник ДАВЫДЕНКОТИ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ПИЛЛАУ қаласы мен қамалын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен нағрадауға ұсынылсын.

Бүгін, 25 апрелде, 23 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, ПИЛЛАУ қаласы мен қамалын алған 3-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

Осы бұйрыққа қатысқан Сіздердің басқару-

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

1-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы **ЖУКОВҚА**
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник **МАЛИНИНГЕ**

1-Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы **КОНЕВҚА**
Майдан штабының бастығы
Армия генералы **ПЕТРОВҚА**

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері БЕРЛИННЕН батысқа қарай шығатын барлық жолдарды кесіп өтті, сөйтіп бүгін, 25 апрелде, ПОТСДАМНЫҢ солтүстік-батыс жағында 1-УКРАИН майданының әскерлерімен қосылды, сонымен, БЕРЛИНДІ толық қоршауға алуды аяқтады.

Ұрыстардың барысында 1-БЕЛОРУС майданының әскерлері НАУЕН, ЗЫШТАЛЬ, РОРБЕК, МАРКВАРД қалаларын, ал 1-УКРАИН майданының әскерлері КЕТЦИН қаласын алды.

БЕРЛИНДІ қоршауға алуды аяқтау және аталған қалаларды алу/ұрыстарын да генерал-лейтенант ПЕРХОГОВИЧТИ, генерал-лейтенант ПОПЛАВСКИЙДИ басқаруындағы 1-поляк армиясының, генерал-лейтенант ЛУЧИНСКИЙДИ, генерал-лейтенант ЛУКЬЯНЧЕНКОТИ, генерал-лейтенант ПОЗНЯКТИ, генерал-лейтенант АНДРЕЕВТИ, генерал-майор РОГАЧЕВСКИЙДИ, генерал-майор РОТКЕВИЧТИ, генерал-майор АНАШКИНИ, генерал-майор БАТИЦКИЙДИ, генерал-майор ГОРШЕНИНИ, генерал-майор ВЛДРИГАННИ, генерал-майор КЕНЕВИЧТИ, генерал-майор БЕВЗЮНТИ, полковник ПАВЛОВСКИЙДИ, полковник МУЗЫКИНИ, полковник ГЕРВАСИЕВТИ, полковник ИВАНОВТИ, полковник ШЕЙПАКТИ, полковник ЗАЙКОВСКИЙДИ әскерлері; генерал-лейтенант КОНСТАНТИНОВТИ, генерал-майор БЕЛОВТИ, генерал-майор КОБЛОВТИ, полковник РЫЖКОВТИ атты әскерлері; генерал-полковник ЛЕЛЮШЕНКОТИ, генерал-полковник РЫБАЛКОТИ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты БЕЛОВТИ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты СУХОВТИ, танк әскерлерінің генерал-майоры ВЕДЕНЕЕВТИ, танк әскерлерінің генерал-майоры УПМАНТИ, танк әскерлерінің генерал-майоры БАХМЕТЬЕВТИ, полковник КАРЕЦКИЙДИ, танк әскерлерінің генерал-майор ЕРМАКОВТИ, танк әскерлерінің генерал-майоры МИТРОФАНОВТИ, полковник ПОТАПОВТИ, полковник КОПЫЛОВТИ, танк әскерлерінің генерал-майоры НОВИКОВТИ, полковник ФЕДОРОВТИ, полковник СЕЛИВАЛЬЧИКТИ, полковник ТУРКИНИ, полковник ЖУРАВЛЕВТИ, подполковник БАБЕНКОТИ, подполковник ЩЕРБАКТИ, подполковник РЫБНИКТИ, подполковник ХОЧКАРЕНКОТИ, подполковник ГУРЕНКОТИ, подполковник БЕЛОБОРОДОВТИ, подполковник ШАМИНИ, подполковник ЯНЧЕЛЕНКОТИ, подполковник САВЧЕНКОТИ, майор ЦУРОЧКИНИ, майор КОНСТАНТИНОВТИ танкішілері; артиллерия генерал-лейтенанты ГОДИНИ, артиллерия генерал-майоры МОДЗЕЛЕВСКИЙДИ, артиллерия генерал-майоры МЕНТЮКОВТИ, артиллерия генерал-майоры ИЗУМУДОВТИ, артиллерия генерал-майоры МИХАЙЛОВТИ, артиллерия генерал-майоры ПЫЛИНИ, артиллерия генерал-майоры НЕРПТИ, артиллерия генерал-майоры ПЕТРОПАВЛОВСКИЙДИ, артиллерия генерал-майоры НИКОЛЬСКИЙДИ, полковник ЧЕВОЛАНИ, полковник ГУДИМОВТИ, полковник ВОИНОВТИ, полковник КОЗУБЕНКОТИ, подполковник ШУЛЬЖЕНКОТИ, полковник МИХЕЕВТИ, полковник МАКСИМОВТИ, полковник ИВАНОВТИ, полковник ВИКЕНТЬЕВТИ, полковник ЛЯШКОТИ, полковник ШУБИНИ, полковник ЕЛОВАТСКИЙДИ, полковник ПЕШАКОВТИ, подполковник ПУЗИКТИ, подполковник БРЮКОВТИ, подполковник ЯЦЕНКОТИ, полковник МИХАЙЛОВТИ, подполковник ПОГОДСКИЙДИ артиллерияшылары; авиация генерал-полковнигі КРАСОВСКИЙДИ, авиация генерал-майоры ПРОНИНИ, авиация генерал-лейтенанты РЯЗАНОВТИ, авиация генерал-лейтенанты САВИЦКИЙДИ, авиация генерал-лейтенанты УТИНИ, авиация генерал-майоры КОМАРОВТИ, авиация генерал-майоры ЗАБАЛУЕВТИ, полковник ИСАЕВТИ, полковник ТУРЫКИНИ, подполковник ДОНЧЕНКОТИ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры КОМАРОВТИ, инженерлік әскерлер-

Совет Хабаршы бюросынан

24 АПРЕЛДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

24 апрелде БЕРЛИННІҢ солтүстік-батыс жағында 1-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, КРЕММЕН, ФЛАТОВ, ВЕЛЬТЕН, НАУЕН қалаларын алды. Берлиннің оңтүстік-шығыс жағында майдан әскерлері ДАМЕ өзенімен өтіп, қала маңындағы АДЛЕРСХОФ, РУДОФ, АЛЬТ-ГЛИНИККЕ, БОНСДОРФ қыстақтарын алды, сөйтіп оңтүстік жақтан шабуыл жасаушы 1-УКРАИН майданының әскерлеріне келіп қосылды. Мұнымен қатар, майдан әскерлері БЕРЛИННІҢ солтүстік және шығыс жақ бөлегінде көше ұрыстарын жүргізе отырып, ТЕГЕЛЬ, ВИТЕНАУ, РЕЙНИКЕНДОРФ қала аудандарын, СИЛЕЗИЯ вокзалын және қаланың СИЛЕЗИЯ вокзалының солтүстік және шығыс жағындағы көшелерін алды. ОДЕРДЕГІ ФРАНКУРТИННІҢ оңтүстік жағында майдан әскерлері ФЮРСТЕНБЕРГ және ГУБЕН қалаларын алды. 23 апрелдегі ұрыстарда майдан әскерлері немістердің 3 мыңнан аса солдаты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан мынадай олжа: 48 танк, 200ден аса дала зеңбірегін, 2550 автомашина, 88 паровоз, 1000нан аса темір жол вагонын, соғыс мүлкін қойған 113 қойма қолға түсірді.

1-УКРАИН майданының әскерлері БЕРЛИННІҢ оңтүстік бөлегінде МАРИЕНДОРФ, ЛАНКВИЦ, ОСДОРФ, ШТАНСДОРФ қала аудандарын алды, сөйтіп БЕРЛИННІҢ оңтүстік-шығыс жағында ДАМЕ өзенімен өткен 1-БЕЛОРУС майданының әскерлеріне келіп қосылды. ДРЕЗДЕН бағытында майдан әскерлері ГРОССЕНХАЙН қаласын алды. 23 апрелдегі ұрыстарда майдан әскерлері немістердің 6 мыңнан аса солдаты мен офицерін және 38 танкін қолға түсірді. Жаудан қолға түсірілген адамдардың ішінде «Фридрих Людвиг Ян» дивизиясының командирі полковник БЕРМЕНБЛЯЙН бар.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды және барлау жүргізілді.

23 апрелде барлық майдандарда немістердің 110 танкі қыйратылды, жойылды. Өуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 60 самолет атып түсірілді.

25 АПРЕЛДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

3-БЕЛОРУС майданының әскерлері 25 апрелде немістердің ЗЕМЛАНД түбегіндегі қорғанын ақырғы тіректі бекінісі және БАЛТЫҚ теңізіндегі ірі порты ағ соғыс теңіз базасы—ПИЛЛАУ қаласы мен қамалын алды, сол сыяқты ЛОХШТАДТ, НОЙХОЙЗЕР, ХИММЕЛЬРАЙХ, ПЛАНТАГЕ, КАМСТИГАЛЛ қыстақтарын алды.

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері БЕРЛИННЕН батысқа қарай шығатын барлық жолдарды кесіп өтті, сөйтіп 25 апрелде ПОТСДАМНЫҢ солтүстік-батыс жағында 1-УКРАИН майданының әскерлерімен қосылды, сонымен БЕРЛИНДІ толық қоршауға алуды аяқтады.

Ұрыстардың барысында 1-БЕЛОРУС майданының әскерлері ЗЫШТАЛЬ, РОРБЕК, МАРКВАРД қалаларын алып, БЕРЛИН қаласының маңындағы ФАЛІКЕНЗЕЕ, ФАЛЬКЕНХАГЕН, ЛАГЕР-ДЕБЕР ИЦ қыстақтарын алды. Мұнымен қатар майдан әскерлері БЕРЛИННІҢ солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс жақ бөлегінде көше ұрыстарын жүргізуде болды, сөйтіп қаланың ТРЕПТОВ және БРИ аудандарын алды. ОДЕРДЕГІ ФРАНКУРТИННІҢ оңтүстік-батыс жағында майдан әскерлері МЮЛЬРОЗЕ және ФРИДЛАНД қалаларын ұрыспен алды. 24 апрелде ұрыстарда майдан әскерлері немістердің 3500ден аса солдаты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан мынадай олжа: 297 самолет, 110 дала зеңбірегін, 1130 атомашина, 16 паровоз, 1311 темір жол вагонын қолға түсірді.

1-УКРАИН майданының әскерлері КЕТЦИН қаласын және БЕРЛИННІҢ оңтүстік-батыс жақ бөлегінде қаланың ЛИХТЕРФЕЛЬДЕ, ЦЕЛЕНДОРФ аудандарын алды. КОТТБУС қаласының солтүстік жағында майдан әскерлері 40тан аса жерлерді оның ішінде ПЕЙТЦ қаласы мен ДИССЕН, БУРГ, КРАУСНИК, БРИЗ үлкен қыстақтарын алды. ДРЕЗДЕННІҢ солтүстік-батыс жағында майдан әскерлері ЭЛЬБА өзенімен өтіп, өзеннің батыс жақ жағалауында РИЗА қаласын ал. БАУЦЕН ауданында әскеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің күштерінің қарсы атаналарын тойтара отырып, оны орасан көп шығынға ұяттаты.

24 апрелдегі ұрыстарда майдан әскерлері немістердің 3000нан аса солдаты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан 22 самолет пен 70 дала зеңбірегін қолға түсірді.

Жөктөмгі егісті өткізудегі бүкіл одақтық социалистік жарыс

Егіс жұмыстарында тракторлардың ешбір кідіргісіз жүруін қамтамасыз етейік!

ТРАКТОРЛАР ТОҚТАП ТҮР

БОГОЛЮБОВО. (Өз тілшімізден). Прже-
шим машина-трактор станциясының ди-
ректоры Сердюк жолдастың кабинетінде
таңертеңнен кешке дейін ешбір саябыр
болмайды. Мұнда үнемі біреу келіп,
біреу кетіп жатады. Әрине, оған колхоз
председательдері, трактор отрядтарының
бригадирлері, кейде тракторшылар да
келеді. Олар директордан егісте трактор-
дың тоқтаусыз жұмыс атқаруын қамтама-
сыз етуге көмек сұрайды.

Бірақ, Сердюк жолдас бұлардың барлы-
ғын да он-оңай жөнелтеді. «Көмектесе-
міз» деп уәде береді ол.

Сердюк жолдастың «Өрнек» колхозы-
на жіберілген трактор отрядының брига-
диріне осындай уәде бергеніне міне бүгін
3 күн. Алайда, істің жәйі әлі бұрынғы
сүйінде. Демек, 8 күннен бері 3 трак-
тордың 2 босқа тұр. Ал тракторшылар
ішінде және Әубәкіров жолдастар
тракторлардың магнетосына от алдыра
май, сенделіп жүр. Отряд бригадирі
Бұмабаев жолдастың МТСқа барудан
қолы босамай-ақ қойды.

Киров атындағы колхозда 3 трактор-
дың жанармай жоқтықтан қарап тұрға-
нына бесінші күнге айналды.

Трактор паркінің жұмысы Ленин МТС
ың қамтуындағы колхоздарда да қана-
аттанғысыз. МТС қамтуындағы «Талап-
ер» колхозында 2, «Жеке көл» колхо-
зында 1 трактор және «Ме-
еке» колхозында 2 трактор жұмысқа жа-
майды. Бұлардың күзгі-қысы маусымда
сенделуі өте сапасыз болған. Не пайда-
рактор паркінің егіс жұмысының алғаш-
ы күндерінен бастап-ақ жұмысты қана-
ттанғысыз атқарғандығы МТС директо-
ы Козюра жолдасты ешбір абыржытар
мес.

Колхоздардағы трактор паркінің жұ-
мысты өте нашар істеуі салдарынан ау-
анда егіс жұмыстарының барысы ойда-
ыдай болмай отыр. 7478 гектар жыр-
ылған жердің күні бүгінге дейін 5769

гектары ғана тырмаланды. Жыртылуға
тиісті 17848 гектар жұмсақ жердің
1425, 10.024 гектар тың жердің 1401
гектары ғана жыртылды.

Бұл—егіс жұмыстарына жоспарда
белгіленген жұм-мұмкіншіліктердің толық
пайдаланылмауынан болған жағдай деп
түсіну керек. Өйткені жоспар бойынша
егіске 130 трактор, 100 тұқым сепкіш,
336 көлік содасы, 2027 тырма, 510 ат,
1277 өгіз және 2062 сыйыр шығарылуға
тиіс еді. Осыдан күні бүгінге дейін 85
трактор, 250 тырма, 349 ат, 1077 өгіз
және 155 сыйыр ғана шығарылды. Тұ-
қым сепкіштердің барлығы дорлік босқа
тұр.

Сондықтан да ауданда күн сайын 600
гектар жер тырмаланылып, 485 гектар
жер жыртылу орнына, соңғы күндері
439 гектар ғана егіс алаңы тырмаланды
және небары 213 гектар ғана жер жыр-
тылды. Ауданның кейбір: «Непобедимый»
және «Еленовка» сияқты колхоздарында
егіс жұмыстары бүгінгі күннің талабына
сай ұйымдастырылмады. «Непобедимый»
колхозында 305 гектардан 10 гектар ға-
на жер жыртылды. Тіпті даяр зябь пен
қара парды тырмалау әлі аяқталған жоқ.

Аудандық жер бөлімінің меңгерушісі
Собокарев жолдас егіс жұмыстары же-
нінде әңгіме қозғала қалса, жағдай жа-
ман емес деп. Тельман атындағы, Кага-
нович атындағы, Киров атындағы және
«Красный интернационал» колхоздарын
мисалға алады. Ал жұмысты бардық жер-
де алдыңғы қатарлылардың үлгісімен
ұйымдастыруға, күнделік прафиктің сөз-
сіз орындалуына немкетті қарайды.

Приешім ауданы Ленин ауданымен со-
циалистік жарысқа түсіп, егін өнімін мо-
лайтуға міндеттенгені Собокарев жолдас-
қа мәлім бе екен? Егер мәлім болса, мы-
на күймен егіннен мол өнім күтуге бол-
майтындығын Собокарев жолдастың есіне
салғанымыз жөн ғой.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Еңбәк тәртібі бәсеңдеген

Мамлют аудандық партия комитеті мен
аудандық совет атқомі колхоздарда егіс
жұмыстарының алғашқы күндеріндегі со-
циалистік жарыстың қортындысын шы-
ғарды. Жарыс қортындысында «Свобод-
ный труд» колхозы (председателі Тунов
жолдас) үздік келе жатқандығы көрінді.
Бұл колхозға аудандық партия комитеті
мен аудандық совет атқомінің ауыспалы
Қызыл туы қайтадан қалдырылды. Бұл
Қызыл ту өткен жылы егін жыйнауды
ойдағыдай аяқтағаны үшін осы колхозға
тапсырылған болатын.

Мұнда 18 апрелге дейін 332 гектар
зябь тырмаланды, 32 гектар тың жер
жыртылып, 97 гектар көп жылдық еке-
шен егілді.

Егіс жұмыстарындағы колхозшылар
тансәріден қас қарайғанға дейін тынбай
жұмыс істеуде. Олардың басым көпшілі-
гі тапсырманы үнемі артығымен орын-
дайды. Әсіресе жас өспірім Иван Русанов
жолдас жаңамай жұмыс істеп, күн са-
йын 5-6 гектар егіс алаңын тырмалап
жүр. В. Васильев, И. Притков, М. Газин
және Ж. Лобанов сияқты жас өспірімдер
де колхоз озаттары болып саналады. Бу-
лардың әрқайсысы күн сайын 3 гектар
орнына, үнемі 4,5 гектар егіс алаңын
тырмалап отырады.

Егіс басында үгіт-көпшілік жұмысы
жолға қойылды. Үгітші А. Сафонова жә-
не Я. Васильева жолдастар дала коста-
рын мәдениетті түрге келтірді.

Ал «Волшевик» колхозының үгітшіле-
рі колхозын бұхарасы арасында үгіт-көп-
шілік жұмысын өрістетіп, колхозшылар-
дың өндірістік жігерін бастай білмей
отыр. Тіпті олар әлі күнге дейін егіс ба-
сына барып көрген емес. Үгітшілер то-
бының меңгерушісі Гускова жолдас үгіт-
шілерді жұмыс учаскелеріне бөліп, таға
бұндамаған жұмыс жоспарын жасама-
ған.

Колхозда үгіт-көпшілік жұмысының
мүлде жүргізілмеуі салдарынан егіс жұ-
мыстарының барысы алғашқы күндерден
бастап сызбыр болып отыр. Егін бригада-
лары егіс басына көшіп шыққалы бірне-

ШАРА

Қазақтың тұңғыш биші қызы Шара-
ның есімі жалғыз қазақ халқына ғана
емес, бүкіл Советтер Одағы халықтарына
мәлім. Қазақ ССР-ның халық артисі ор-
денді Шара өзінің ансамблімен соғыс
күндерінде еліміздің үлкен қалаларында,
жеңіс қаруын шыңдаған Орал бойындағы
өнеркәсіп орындарында болып, еңбекші-
лерге қазақтың қазналы, өскелең көркем
өнерін көрсетті, майланға да барып, ал-
дыңғы шепте жауға қарсы шайқасып
жүрген жауынгерлер мен офицерлерге он-
даған концерт берді. Шара салған қазақ
әні ну орманды, күз-жар тасты қарт
Оралдың шыңына нырқалды. Шара
шырқай салған «Қамажай» әні мен оның
ансамблі орындаған «Қазақ күйі» май-
далда жаудың шебін бұзып өтіп, дұшпан-
ның ту сыртында барлауда жүрген жа-
уынгерлерге естігендей болды. Ежелгі
грек лирінің үні естілген қазақ әнін тың-
даған жауынгерлер алыстағы дәулетті ау-
лын, аға- іні, ана-қарындас бауырын,
қарақат көзді қазақ қызын, оның ақ жү-
зін есіне алып, жойқын ұрыстарда жаңа
ерлік істер істеуге жігерленді.

Шара—қазақ көркем өнерінің көрнекті
небәрінің бірі, асқан талантты, дә-
лелді өнерпаз, қазақ қыздарынан шық-
қан тұңғыш кино артисі. Драманың да
көрнекті шебері.

Әсіресе қазақтың би көркем өнерін да-
мытуда Шараның сіңірген еңбегі ерекше
зор. Шара алғашқы рет 1938 жылы қа-
зақтың «Келіншек» атты қарапайым биі-
нен бастап, Шығыс пен мәдениетті Ба-
ғыс халықтарының алуан түрлі күрделі
билерін еркін игеріп, оларды шеберлікпен
орындауға жетісті.

24 апрелде Петропавлдың облыстық
драма театрында Қазақ ССР-ның халық
артисі орденді Шара өзінің ансамблімен
концерт бере бастады. Шараның бұл кон-
церті Петропавл жұртшылығының көркем
өнер өміріндегі елеулі оқиға. Өйткені
қала еңбекшілері Шараның концертін
бұдан бірнеше жыл бұрын тыңдаған бо-
латын. Ал соңғы жылдарда Шараның
творчестволық өнері әлде қайда жетіліп,
ренертуары ұлғайды.

Жұртшылық Шараның сахнаға шы-
ғуын асыға күтті. Өлден уақытта Шара
үкілі камшат бөрік, оқалы көйлек пен
камзол киіп, жібек торғынмен белін қы-

зиторы Шейрамның «Наз үні» деген әнін
естігенде Зангезур тауының асқар шыңы-
нан асыра ән шырқап, өзінің сүйіспенші-
лігін, аңсаған арманын білдірген тау ерке-
сі—армян қызының қуанышы мен қай-
ғысына ортақтасып отырғандай боласын.

Би көркем өнері қазақ өмірінде соңғы
кезде ғана дами бастады. Би драмға қа-
рағанда әлде қайда қиын. Өйткені драма-
да айтайын деген ой сөз арқылы айты-
лып, оқығанның желісі нақтылы іс арқы-
лы көрсетілсе, биде ой мен істің желісі
үңсіз, тек дененің түрлі мәнері арқылы
жеткізіледі.

—Би дегеніміз,—дейді Шараның өзі,
—айтайын деген ойдың немесе оқыға-
ның іреңін музыканың ырғағына еріп,
үңсіз, дененің әртүрлі мәнерлі қыймылы
арқылы білдіру.

Шара билегенде тек музыканың үніне
еріп, өзінің денесімен әртүрлі келісті
мәнер жасаумен ғана тынбай, ән мен би-
дің оқыға іреңіне мүлде беріліп отыра-
ды және бет құбылысы мен көз қараста-
ры арқылы күйініш, сүйінішті зрительге
түсінікті етіп жеткізеді. Бұған Шараның
«8-гвардия дивизиясы туралы жырды»
орындаудағы асқан актерлық шеберлігі
мысал бола алады. Ол әскер киімін киіп
шығып, жорық жырын жырлайды да,
ежілене алға ұмтылған жауға қарсы
«Халқым үшін!», «Отан үшін!» деп ай-
барлы ұран тастап, алға ұмтылған ба-
тыр жауынгердің бейнесін көз алдына
өкеледі.

Шараның актерлық жағынан ерекше
шеберлігінің бірі сол, ол әрбір би мен
өлең арасында кенет өзгеріп, тез киінеді.
Мәселен, қытай халқының «Цию-Сян»
әні мен биін орындап, қытайдың езілген
күңінің бейнесін көрсетсе, соның ізінше
кенет өзгеріп, ағылшын қызының жар-
қын бейнесін жасайды.

Қорытып айтқанда, Шара өзінің көр-
некті биші, драманың асқан шебері, му-
зыка жөнінен өте сауатты екендігін та-
ғы да көрсетті.

Сол сияқты Шараның ансамблідегі
домбырашы Ерімбеков, таршы (иран му-
зыка аспабы) Багратуни, бұбыншы (Кав-
каз халықтарының музыка аспабы) Мура-
дян, қяманчы (Кавказ халықтарының
музыка аспабы) Агаханян, концертмейс-
тр Малиновская өздерінің шебер музыка-
шы екендіктерін көрсетіп, әр ылтың-ән,
күйлерін ойдағыдай орындап шықты.
Бұбыншы Мурадян «Қазақ күйі» мен

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 23 апрел. (ТАСС). Одақтас-
тардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы
командованисі штабының хабарында бы-
лай делінген: Одақтастар әскерлері Ро-
тенбург пен Букстенхудты (Гамбург ау-
данында) алды. Одақтастар әскерлер
Эльба жағалауы бойымен алға басып
Блеккенді дұшпаннан тазартты.

Лейпцигтің оңтүстік-шығыс жағында
одақтастардың күзет әскерлері жаудың
қарсылығына кез болмастан Муйде өзе-
нінен өтіп, бірнеше километр алға басты.

Швейцария шекарасы бойымен шы-
ғыс бағытта 13 километр алға басу на-
тижесінде одақтастар әскерлері Ворба-
генге жетті.

21 апрелде одақтастар әскерлері жау-
дан 37276 алам қолға түсірді.

ЛОНДОН, 23 апрел. (ТАСС). Одақтастар
дың Италиядағы әскерлері штабының ха-
барында былай делінген: По өзені алқа-
бында 5-және 8-армиялардың танк және
жауу әскер бөлімдері По өзені бағытын
да алға басуда болды. 5-армияның бөлім-
дері Болоньяның оңтүстік-батыс жағында
15 километр жерде Сан-Джованни қала-
сын алып, Серкьо және Панаро өзендері
нен өтті. Бұл армияның екінші бір бөлім-
дері Моден қаласына жақындап келеді.
8-армияның бөлімдері Феррарядан 2
миль жерде тұр.

Италия партизандарының отрядтары 5-
армияның әскерлерімен бірлесе қыймыл
жасай отырып, Оестола қаласын (Боло-
ньяның батыс жағында) алды.

ЛОНДОН, 24 апрел. (ТАСС). Одақтастар
дың Европадағы әскерлерінің жоғарғы
командованисі штабының хабарында бы-
лай делінген: Нюрнбергтің оңтүстік жа-
ғында одақтастардың танк және жауу
әскер бөлімдері 16 километр алға басты.
Штаб хабарына қарағанда, одақтастар әс-
керлері Диллингенде Дунайдан өтіп, өзен-
нің оңтүстік жағына қарай 8 километр
алға басаң көрінеді.

Германия — Швейцария шекарасының
ұзына бойына 64 километрлік учаскесі
одақтастар әскерлерінің қолында тұр.

Одақтастар авиациясының қыймылы

ЛОНДОН, 24 апрел. (ТАСС). 24 апрел
ге қараған түнде ағылшынның «Моски-
то» бомбашыларының Кильге 2 рет ша-
буыл жасағандығын ағылшынның авиа-
ция министрлігі хабар етті.

Американың 1-армиясының

ЖАСТАР ЗВЕНОСЫНЫҢ ІС ҮЛГІСІ

Ленин ауданының комсомол мүшелері
ен жастары Қазақстанның 25 жылдығы
сындағы бүкіл халықтың социалистік

жұмеауда. Комсомол мүшелері мен жас-
тар май мерекесі алдындағы социалистік
жарысты неғұрлым кең өрістетіп, соғыста

ің соқашылар звеносы социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен мыңдан, жарыста озып шығу үшін күш

булағашылар арасындағы социалистік жарыста үздік шықты. Колхоз басқармасы жыртылған жердің санасын қанағаттанарлық деп тапты. **А. БУГАЕВ.**

Смена сайын 12 гектар

«Красное село» ауыл шаруашылық теліндегі (Соколов ауданы) Киселев алас басқарған трактор бригадасының шөлери ұйымдасқан түрде жұмыс істеп, бек өнімін күн санап арттырып келеді. Авторшылар арасында көктемгі өгісті қағыдай өткізу жөніндегі бүкіл одақтық социалистік жарыс кең күлаш жайлы. «СТЗ» тракторының тракторшысы Ми йл Киреев жолдас батыр Қызыл Армия уыңгерлерінің Берлинді толық қоршап тды аяқтағаны туралы хабарды есті күні 3 гектар орнына 5 гектар жер ртты. Тракторшы Александра Губкина лдас та батыр Қызыл Армияның тама-

на жеңістерімен жігерленіп, алған міндет темені орындау жолында күш жұмсап жұмыс істеп жүр. Ол күн сайын 4 гек тар жер жыртыды. Губкина жолдас көктем гі егіс жұмыстары басталғалы 50 кило грам жанар май үнемдеді. Социалистік жарыста тракторшы Петр Немирович күр делі табысқа жетті. «ЧТЗ» тракторымен 9 гектар орнына, үнемі 12 гектар жер жыртып келеді.

Бұл үш тракторшы көктемгі егіс жұмыстары басталғалы 125 гектар тың жер жырты.

Н. ХАМИДУЛЛИН.

Егіс басында колхозшылардың тұрмыс хажетін өтеу ісі ұмыт болған. Дала көс тары жабдықталмаған. Сондықтан да кол хозшылар егіс басынан 5-7 километр се лөге келіп қонады.

Егін және трактор бригадаларында ен бек тәртібінің нығайтылмауы—жұмыс тың көш басталып, ерте тоқталуына әкеп соқты. Трактор отряды шын мәнін де жұмысқа кіріскен жоқ. Рас, бір күні үш трактордың есеуі жұмыс істеген бол ды. Ал үшіншісі күні бойы тоқтап тұр ды. Келесі күні барлық трактор қарап тұрды. Өйткені колхоз басшылары трак тор отрядына жанармай жеткізбепті.

Колхоз председатели Мурычев, трактор отрядының бригадирі Дудкин және үгіт шілер тобының меңгерушісі Тускова жол дастар егісті өткізудегі жауапкершілікте рін ұмытып отыр.

М. ХОЛИН.

тартып, еліктіріп отырды. Биші әр ха лықтың ән, биін орындарда сол ұлттың киімін киінеді де өзінің актерлық қабле тін жұмсап, сол би мен ән сазының маз мұнына ылайық бейне жасап отырады. Сөйтіп зритель бишінің шеберлікпен жа саған бейнесінің драмалық оқығасына араласып, оның қуанышына сүйінеді де, қайғысына күйінеді.

Мәселен, Шара орындаған иран хал қының «Барибох» әнін алайық. Артиска ның әні мен шебер биі арқылы, біз сах надан, жемісті бақта жүріп:

«Сүйген жарым Барибох».

Сенен басқа жарым жоқ, — деп ән шырқап сүйгенін аңсап күткен кілемші иран сұлуын көреміз.

Сол сыяқты армянның атақты компо-

ның мызғымас достығын бейнелей түседі. Қазақ ССР халық Әртісі орденді Шара Советтер Одағы халықтарына қазақ хал қының бай көркем өнерін таныстырумен бірге, еліміздің отан қорғау қуатын ны ғайту үшін аянбай еңбек істеуде. Жуыр да Шара кеменгер көсеміміз Сталин жолдастан мынадай хат алды:

«Қызыл Армияның бронетанк күштері не көрсеткен қамқорлығыңыз үшін, Ша ра жолдас, Сізге және Сіздің ансамбліңіз ге алғыс айтамын. Менің сәлемімді және Қызыл Армияның алғысын қабыл алы ңыз».

Шараның және оның ансамблінің қазақ көркем өнерін өркендету жолында бұдан былай да табысты еңбек істеуіне тілек теспіз.

Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

самолеттері ұшып жүрді, ал немістердің бірде-бір самоләті көрінбеді.

Американың 1-армиясының майланын да немістер бұрынғыдай әлсіз қарсылық көрсетуде. Кей бір учаскелерде Америка бөлімдері жаудың ешбір қарсылығына кез болмайды. Немістер шағын және үл кен топтарға бөлініп, ықыласпен қолға берілуде.

ШЕТЕЛ ХАБАРЫ

Америка баспа сөзі одақтартар әскер лері қолға түсірген гитлершілдер фон Па пенді, Крупнені, фон Боленді, Папшты және принц Вильгельмді дереу жазалау жөнінде талап қоюда. Олар нацистердің өкмет билігін алуына көмектесіп, оларды қаржыландырды. Міне сондықтан да мил лиондаған Европалықтар душар болып отырған соғыс ауыртпалығы үшін олар жауап беруге тиісті.

Облыста биязы жүнді қой шаруашылығын қалпына келтірейік

Одақтық Халық Комиссарлары Советі қазақ ССР колхоздарында мал шаруа лығын өркендету шаралары туралы» 4 жылғы 12 майдағы қаулысында тия, совет ұйымдарының, жер орын ы мен колхоздардың басшыларынан шаруашылығын, әсіресе биязы жүнді шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендете беруді талап етті.

Облыста соңғы 4 жылда қой басы жә олардан қырқылатын жүн мөлшері гүрлым кеміп кетті. Егер 1939 жы әрбір ірі қойдан орта есеппен алғанда килограм жүн қырқылса, 1944 жы 1,6 килограм жүн қырқылды. Облыс жалпы алғанда жүн қырку мөлшері 1 процент кеміді.

1939-1940 жылдары облысымыздың оздары биязы жүнді қой шаруашылы өркендетуде айтарлықтай табыстарға і, осының нәтижесінде қойдың өнімі ұрлым артты, сол сыяқты ақшадай заттай кіріс молайды. Мәселен бия күнді немесе будандастырылған қой түсетін пайда басқа қойларға қара а 5—10 есе артық болды.

1940 жылы 19 қой фермасы, 88 және қойды қолдан ұрықтандыру жо ігі 7 қой шаруашылығының маманы і одақтық ауыл шаруашылық көрме қатысты. 1940 жылы облыста бар будандастырылған қой биязы жүнді і. Ал 1939 жылдың аяқ кезінде, тұқымды қойлардың есебін алғанда,

колхоздардағы барлық қойдың тең жарты сынан көбі биязы жүнді және буданда стырылған болып шықты. Бұл жылдары қойдың тұқымын асылдандырып, оның өнімін арттыруға барлық жағдай жасал ған еді.

Алайда, биязы жүнді қой шаруашылы ғына жете мән бермеу салдарынан қазір қойдың бұл түрі мүлде кеміп кетті. Көп теген колхоздардың басшылары биязы жүнді және будандастырылған қойларды өсіруге мән бермей, олардың орнына ірі жүнді қойларды өсіруге тырысты. Сөйтіп тұқымдық қойларды сақтау ісіне жауап сыз қарады. 1941 жылдың аяқ кезінде колхоздарда 3 мыңнан аса меринос қойы болса, 1944 жылы небары 378 ғана қой қалды. Бірталай аудандарда меринос қойы мүлде жойып жіберілді. Мәселен, Ленин ауданында 1941 жылы 400 қой болса, 1944 жылы 18 қой. Прес нов ауданында 13 қой, ал Приешім ауд анында 2 қой ғана қалды.

Биязы жүнді қой шаруашылығын қал пына келтіруде облыс колхоздарының ал дында күрделі міндеттер тұр. Ол міндет терді ойдағыдай орындау үшін сол асыл тұқымды қой шаруашылығын, әсіресе асыл тұқымды қошқарларды көп өсіретін болу керек. Сөйтіп колхоз ең алдымен өз отарын және басқа колхоздардың да отарын асыл тұқымды қошқарлармен қамтамасыз етуге тиіс.

Бірақ, колхоздар мен аудандық жер бө

лімдерінің басшылары бұл жөнінде әлі де болса мардымды іс атқара алмай отыр. Бірталай аудандарда биязы жүнді қой шаруашылығы әлі де болса жете бағала нылмай келеді. Ал, Преснов ауданында колхоз басшылары мен аудандық жер бө лімінің қызметкерлері колхоздарда асыл тұқымды, биязы жүнді қой шаруашылы ғын өркендетуге жаршы бөлу былай тұр сын, қайта олардың өзі биязы жүнді қой шаруашылығын өркендетуге көрне көзге бағет жасап отыр.

Мұндай жағдай Приешім, Ленин, Мам лют және Соколов аудандарында да кез десіп отыр. Аудандық жер бөлімінің бас шылары биязы жүнді қой шаруашылы ғын өркендету ісіне немкетті қарап отырған колхоз председателдері мен фер ма меңгерушілерінің зиянды ісіне төзіп, қойдың тұқымын асылдандыру жөніндегі үкмет бекіткен жоспарды бұрмалап отыр.

Бойдың тұқымын асылдандыруда Бу лаев және Конюхов аудандарының колхоз ларына ерекше зор талап қойылады. Өйткені мұнда мемлекеттік асыл тұқымды мал өсіретін орын бар. Өткен жылы бұл аудандарда мал шаруашылы ғын өркендету көрсеткіші мүлде төмен болды.

Бұл аудандардың көпшілік колхозла рында қой азықпен қамтамасыз етілмеді, қойды жазғы жайылымға шығарып, бағу жоспары аяқсыз қалды. қой шағылысты ру және қолдан ұрықтандыру істері қа нағаттанғысыз жүргізілді, қоғамдық қой га жылы қора жасалмады. Сөйтіп мал қыстату және төл алу маусымына әзірлік жұмысы қанағаттанғысыз жүргізілді. Қазір тұқымдық фермаларда мал азы

ғының қоры жоқ. Сондықтанда көршілес колхоздардан мал азығын қарызға алуға тура келеді.

Биязы жүнді қой шаруашылығын өр кендетудегі бұл сыяқты өрескелдікке тіп ті төзуге болмайды. Олай болса, жергі лікті партия, совет ұйымдарының, жер орындары мен асыл тұқымды мал өсіре тін мекемелердің басшыларынан Одақтық Халық Комиссарлары Советінің 1944 жылғы 12 майдағы қаулысын толық жүзеге асыруды талап ету хажет. Сол сыяқты Қазақ ССР Жер Халық Комисса риатының комиссиясы жасап бекіткен шаралар да толық жүзеге асуға тиіс.

Облысымызда биязы жүнді қой шаруа шылығын қалпына келтіру үшін не іс теу керек?

Облыс колхоздарында асыл тұқымды қойлар өте аз. 1946 жылы асыл тұқым ды 5 мың қой болуға тиіс болса, оның қазір 1500 ғана бар. Біз асыл тұқым ды қойларды басқа жерден әкелеміз деу шілікке төзе алмаймыз. Асыл тұқымды қойларды жергілікті жердің өзінде әсресе Булаев және Конюхов аудандарында көптен өсіруге тиіспіз.

Облыс колхоздары тиісті асыл тұқым ды қойларды таяудағы 2—3 жыл ішінде өз күшімен өсіре алмайтындығы сөзсіз. Сондықтан да асыл тұқымды қойларды көптен өсіру ісіне Приешім және Қызыл әскер қой совхоздарын кеңінен қатыс тыру керек болады. Олар колхоздардың биязы жүнді және будандастырылған қой ды есептен өсіруге орасан зор көмек көр сете алады. Мәселен, Совхоздар Халық Комиссариатының бұйрығы бойынша, 1943 жылдан бастап Қызыл көр совхо

зы тұқымдық малдар өсіретін совхоз болып саналады. Бұл совхоздардың үше уінде де биязы жүнді және будандасты рылған қойлар көп. Бірақ совхоз дирек торлары мен облыстық мал совхоздары тресінің басшылары асыл тұқымды қой шаруашылығын өсірумен жете шұғылдан бай жүр. Осының салдарынан малды азықтандыру жөнінде мамандығы мол қызметкерлердің жеткілікті екеніне қара мастан, мал тұқымын асылдандыру ісі ұмыт қалып отыр. Мұнымен қатар, бұл совхоздарда таза қанды меринос қойлары бар еді. Бірақ, қазір олардың бірде-біреуі жоқ.

1944 жылы Приешім және Қызыләскер совхоздары колхоздарға 200 «прекос» қойын сатуға тиіс еді. Не пайда, бұл совхоздардың басшылары бұл тапсырма ны орындауға жауапсыз қарады. Прие шы қой совхозы колхоздарға бірде-бір қой сатпай, қошқарларды тарттыруға жол берді. Сөйтіп оларды ет комбинатына тапсырды.

Мұндай жағдайға төзуге тіпті болмай ды. Совхоз басшылары бұл сыяқты елеу лі кемшіліктерді дереу жоюға тиіс. Сөй тіп совхоздың шын мәнінде тұқымдық мал өсіріп, колхоздарда қой шаруашылы ғының өркендеуіне және оның өнімінің артуына тікелей көмектесуге міндетті.

Бйыл Булаевтағы асыл тұқымды мал өсіретін мекеменің қарауындағы қой фер маларынан көп жұмыс істеу талап етіле ді. Бұл фермалар қой шаруашылығын өр кендетіп, оның өнімін арттыру жолында тиісті дәрежеде жұмыс істеуі керек. Бия зы жүнді қойларды өсіре беру ісіне күн бе-күн бақылау жасау керек. Бекітілген

жоспарда көрсетілгендей, Булаевтағы асыл тұқымды мал өсіретін мекеме 1945 —1946 жылдары өсіріп, оларды 1946— 1947 жылдарда колхоздарға сату үшін, жыл сайын асыл тұқымды 2000 қой, ал совхоздар 1000 қой өсіруге тиіс.

Бұл міндетті ойдағыдай орындап шығу үшін облысымыздың мүмкіншілігі жет кілікті. Ол үшін будандастыру үшін пайдалануға жарайтын қошқарлар ды тарттыруға жол бермеу керек. Мұны мен бірге, будандастырылған қойлардың бір қалыпты өсуіне баса көңіл бөлу кер ек. Мұнымен бірге будандастыру ісіне пайдаланылатын қошқарлардың сапасы мен оларды колхоздарға сату бағасын алдын-ала белгілеу керек. Осы уақытқа дейін асыл тұқымды қошқарларды сату дың тұрақты бағасы болмай келді. Ал «Заготживсырьё» мекемесі будандасты рылған қойларды дайындау және оларды өсіру ісімен аз шұғылданды.

Облысымызда биязы жүнді қой шаруа шылығын барған сайын өркендету үшін керекті мүмкіншілік ұшап-теңіз. Тиісті жағдай жасалған жерлерде биязы жүнді қойларды көптен өсіруге әбден болатын дығы бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне қатысқан колхоздар мен фер малардың және соғыс кезі стахановшы ларының жұмыс тәжірибесінен айқын кө ріңді. Істің тетігі сол мүмкіншіліктер ді пайдалана білуде болып отыр.

В. ГМЫЗИН,

Облыстық жер бөлімінің бас зоотехник

Жауапты редактор

В. ОСПАНОГ